

Хаттама № 1

«Балдәурен» МКҚК бөбекжай-балабақшасының тәрбиешілерінің

педагогикалық кеңесі болды

уақыты: 30.08.2022ж

Педагогикалық кеңеске қатысқандар: 28

Тақырыбы: « Жаңартылған бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиенің жүйесі»

Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру. Педагогикалық үрдісінің барлық қатысушыларының іс – әрекетінің үйлесімді педагогтың шығармашылық ізденістерін қолайлы жағдайлар ұйымдастыру, оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешудің инновациялық тәсілдерін жетілдіру.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер

1. 2022-2023 оқу жылына пед кеңес құрамын сайлау.
2. 2022-2023 оқу жылының жоспарымен таныстыру, талдау. Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
3. Кадрларды топтар бойынша бөлу.
4. Баяндама: «Білімнің басты құндылықтары Отаншылдыққа еңбекқорлыққа баулу»
5. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиешілердің міндетімен таныстыру.
6. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды: «Балдәурен» балабақша меңгерушісі А.Шуленбаева педагогтарды 2022-2023 жаңа оқу жылымен құттықтап сөз сөйледі.

Бірінші мәселе бойынша 2022-2023 жаңа оқу жылының педагогикалық кеңесінің құрамы сайланды. Олар: педкеңес төрайымы балабақша меңгерушісі А.Шуленбаева, әдіскер Калмурзаева Г, тәрбиеші Айтбенова Н, Г, Ахметова, кәсіподақ төрайымы Қасымбекова Д, психолог Шынтерекова Ұ, хатшы Раманқұлова А болып сайланды.

Екінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылының жоспарымен таныстыру, талдау, күн тәртібін бекіту, туралы айта кетті. Барлық топтардың

күн тәртібін бекітілгенін хабарлады. Биылғы оқу жылының Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және

мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың

қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы

адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды.

Әдістемелік нұсқау хат жыл бойы www.irtd.kz сайтында қолжетімді болады.
. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске

асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік,

шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;

- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене шынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды

калыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуға арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындай сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылды.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі

Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау.

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады.

Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып, балабақшаның жылдық жоспары құрылды. Барлық топтардың 2022-2023 жылғы перспективалық жоспарлары 1-ші жарты жылдығы бекітіледі.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Калмурзаева Г сөз алды. Топ бойынша тәрбиешілер бекітілді.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер сөз алды. Мектепке дейінгі білім беру саласының педагогтері мен басқа да қызметкерлердің жұмысының негізгі қағидалары. :

Педагогтер үнемі өзін-өзі бағалау процесінде инновацияшыл және жауапты бола алады, сонымен қатар белгіленген құжаттаманы уақтылы және ұқыпты жүргізеді (1,2,3 қосымшалар). Балаларды тәрбиелеу және оқыту процесінде мектепке дейінгі ұйымның әрбір қызметкерінің рөлі маңызды, сондықтан ұйымның әр қызметкері қажетті біліктілік деңгейіне ие болуы тиіс.

Педагогтер мен басқа да қызметкерлер жұмысының негізгі қағидалары:

- оқытудың кіріктірілген тәсілі;
- баланы толыққанды дамыту;
- ойын арқылы оқытуға баланы тарту;
- балаларға өз білімін құрастырушы ретінде қарым-қатынас жасау;
- маңызды өзара әрекет арқылы шынайы оқыту;
- инклюзивті білім беру кеңістігін құру;
- баланың жеке басын құрметтеу;
- баланы дамыту мақсатында күтім жасау.

Педагогтің құзыреттілігі:

- баланы дамыту мен оқытуды терең түсіну;
- баланың көзқарасын түсіну және қабылдай білуі;
- баланы мақтай білу, тыныштандыру, сұрақтар қоя білу және балаларды жақсы көру;

- көшбасшылық дағдылары;
- туындаған мәселелерді шешуге қабілеттілігі;
- сөздік қордың байлығы және балалардың ой-пікірін айту мүмкіндігі;
- өз тәжірибесіне үнемі рефлексия жасай білу және оны жетілдіру; Оқытудың кіріктірілген тәсілі;
- эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі.

Алтыншы мәселе бойынша әдіскер бірінші жарты жылдықта атқарылатын жұмыс жоспарымен таныстырды. «Білім күніне» және «Тілдер мерекесіне» барлық топтар ұйымдастырылған оқу қызметін өтеді, «Ұстаздар күні» мерекесіне іс – шара ұйымдастыру сонымен қатар қазан айының соңында барлық топта «Алтын күз» ертеңгіліктерін, «25 қазан Республика күніне» тәрбие сағаттарын өткізеді, «Тәуелсіздік күніне » толуына орай іс – шара ұйымдастырылады. Сонымен қатар барлық топта ұйымдастырылған оқу қызметтері болатыны жаңа жылға мерекесіне орай әр топта ертеңгіліктер өтетінін хабарлады және тәрбиешілер жарты жылдық есебі сұралатынын айта кетті. Басқа да көптеген мәселелер айтылды.

Педагогикалық кеңестің шешімі қаулы етеді.

1. 2022-2023 оқу жылының педагогикалық кеңесінің құрамы сайланып бекітілді.
2. 2022-2023 оқу жылының жоспары таныстырылды және бекітілді. Әдістемелік нұсқаухатпен таныстырылды.
3. Топтар борйынша кадрлар бекітілді.
4. Педагогтарды міндеттерімен таныстырылды.

Төрайымы:



Шуленбаева А

Хатшы:



Раманқұлова А

Хаттама №5

«Балдәурен» МКҚК бөбекжай -балабақшасында тәрбиешілердің педагогикалық кеңесі болды.

Уақыты: 31.05.2023ж

кеңеске қатысқандар:28

Тақырыбы: Өткен оқу жылындағы жүргізілген оқу – тәрбие жұмыстарын талдау, қорытындылау

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер

1. Өткен педагогикалық кеңесінің шешімінің орындалуы
2. Педагогикалық ұжымының жылдық қорытынды жұмысын талдау
3. Оқу жылының міндеттерінің орындалуына сараптама
4. Жыл бойындағы мониторинг көрсеткішінің деңгейі
5. Жазғы сауықтыру мерзіміне іс – шаралар жоспарын құру, сабақ кестесін, күн тәртібін бекіту .

Тыңдалды: Әдіскер Калмурзаева Г өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуына есеп беріп өтті.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Калмурзаева Г 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарының есебін беріп өтті. Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы №348 бұйқығы негізінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бекітілді.

Осы стандарт негізінде 2022-2023 оқу жылында «Балдәурен» балабақшасында бірқатар жұмыстар атқарылды.

Жалпы балабақшада 64 қызметкер бар, соның 31 педагог. Барлығы жоғары білімді. Педагогтардың біліктілік санаттарына келетін болсақ:

Педагогикалық шеберлік орталығынан бірнеше педагог білімін жетілдірген.

2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары №1 педагогикалық кеңесінде талқыланып меңгеруші тарапынан бекітілген.

Жылдық мақсаты: Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін – өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту. Ата – аналармен тығыз байланыс орнату.

Міндеттері:

- Баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу;
- Рухани – адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу;
- Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға үйрету;
- Күнделікті атқарылатын оқу қызмет барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау;
- Ата – аналармен бірлесіп тренинг ертеңгілік мерекелерді, спорттық жарыстарды қарым – қатынасты нығайту барысында ұйымдастыру.

Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту – балабақша жұмысының негізгі бағыттарының бірі. «Дені саудың – жаны сау» дегендей балалардың денсаулығын сақтау жолында күндекті таңертеңгілік жаттығулар жүргізілді. Жылына жоспарлы түрде екі рет спорттық ойындар, ұлттық ойындар, ата – анамен Толағай ойыны ұйымдастырылды.

2022 жылдың « 25 қазан Республика» күніне орай топтарда тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

2022 жылдың қазан айының 28-31 аралығында ересек ортаңғы топтарында «Алтын күз» ертеңгіліктері ұйымдастырылды. «Көгершін» ересек тобының тәрбиешілері «Күз Ханзадасы мен Ханшайымы» байқауын жоғары дәрежеде ұйымдастырды.

Қараша айында «Көгершін», «Балапан», «Ақжелкен» топтарында балалармен спорттық ойындар ұйымдастырылды.

Желтоқсан айының 13-15 аралығында Тәуелсіздік күніне «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында 3 топта ертеңгіліктер ұйымдастырылды және 26-29 аралығында « Жаңа жылдық» ертеңгіліктер өте жақсы дәрежеде ұйымдастырылып өтті.

Педагогтардың коммуникативтік және креативтік мүмкіндіктерін дамыту, кәсіби шеберліктерін арттыру мақсатында «Тәрбиешілердің шығармашылық қабілеттерінің дамуы» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

Сонымен қатар психолог Шынтерекова Ұ «10 түрлі әлем» тақырыбында педагогтармен тренинг ұйымдастырды.

Қаңтар айында балалармен жоспар бойынша 3 топта «Ұлттық ойындар» ұйымдастырылды және «Жолда жүру ережесін сақтайық» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Ата – аналармен «Отабасы – өмір шуағы» тақырыбында топ тәрбиешілері тренинг ұйымдастырды.

Наурыз айында Ұйымдастыруымен «8 Наурыз Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай мерекелік іс – шараны жоғары дәрежеде ұйымдастырды. Сонымен қатар 3 топта «Қош келдің Өз Наурыз» тақырыбында ертеңгіліктер ұйымдастырылып ата – аналардың жақсы пікірлері мен тіліктері айтылды.

Сәуір мамыр айларында топтарда «Өрт қауіпті» , «Өрт – тілсіз жау» тақырыптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Ата – аналармен «Толағай» спорттық ойындары ұйымдастырылды. Тәрбиешілердің ұйымдастыруымен «Ұлы Жеңіс күніне» орай іс – шара ұйымдастырды. Сонымен қатар бітіруші топтарының « Қош бол балабақша!» атты кешін тәрбиеші апайлары жоғары дәрежеде ұйымдастырды.

1 маусым Балаларды қорғау күніне музыка жетекшісі Абдраманова мен әдіскер Калмурзаева Г мерекелік іс – шара ұйымдастырды.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері «Жыл бойындағы мониторинг көрсеткішінің деңгейі» туралы айтып өтті. Балалар даму мониторингісі, ондағы көрсеткіштерінің өз деңгейінде екені айтылды.

Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері «Жазғы сауықтыру мерзіміне іс – шаралар, жоспарын құру, сабақ кестесін күн тәртібін бекіту» туралы айтып өтті . Жаз мезгілінде балабақшада 4 топ жұмыс жасайды. Бала саны 100 бала. Жаз мезгілінің жоспары меңгеруші тарапынан бекітілген. Жаз мезгілінде жұмыс жасайтын тәрбиеші мен медбикеге күн тәртібін сақтау керектігі айтылды. Жазғы ермектік ойындар жоспарында:

- Балаларды қорғау күніне арналған іс – шаралар
- Шұғылалы күн (сурет салу , аппликация)
- Су күні (сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелер)
- Дені сау отбасы күні (спорттық ойын)

- Құм күні (құмды құрылыстар, құмға сурет салу, құрғақ және сулы құмды зерттеу)
- Қатал бағдаршам күні (көше ережелерін қайталау)
- Көркем сурет күні (суреттер конкурсы)
- Астана күні
- «Бүгін сенің туылған күнің» туылған күн иелеріне кеш ұйымдастыру шараларын өткізу жоспарланған.
- Спортшы күні
- Ертегілер күні
- Біздің көше күні
- Балабақша күні
- Икебана күні
- Сурет салу күні
- Отан туралы өлеңдер күні

Балабақша әдіскері Калмурзаева Г 2022-20223 оқу жылында білім беру саласында , балаларды тәрбиелеу барысында үздіксіз еңбек қосқан үлесі үшін біршама тәрбиешілерді меңгеруші тарапынан бекітілген Алғыс хатымен марапаттады.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Педагогикалық ұжымның жылдық қорытынды жұмысын талдау қанағаттанарлық
2. Оқу жылының міндеттерінің орындалуына сараптама қанағаттанарлық.
3. Жыл бойындағы мониторинг көрсеткішінің деңгейі қанағаттанарлық
4. Жазғы сауықтыру мерзіміне іс – шаралар жүзеге асырылсын.

Төрайымы:



А .Шуленбаева

Хатшы:



А.Раманқұлова